

**«Менің Отаныма – менің бастамам»
Республикалық шығармашылық жобалар конкурсының
облыстық қашықтық кезеңін өткізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже «Менің Отаныма – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар конкурсының облыстық қашықтық кезеңін (бұдан әрі-Конкурс) мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін анықтайды.

2. Конкурстың мақсаты: дарынды балаларды анықтауға және қолдауға бағытталған, балалар мен жастар бастамаларын дамытуға жәрдемдесу.

3. Конкурстың міндеттері:

- 1) балалар мен жастардың назарын өзекті әлеуметтік мәселелерге аудару;
- 2) балалар мен жастардың әлеуметтік-шығармашылық белсенділігін, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамытуға жеттілігін дамыту;
- 3) балалар мен жастардың азаматтық және құқықтық мәдениет деңгейін арттыру;
- 4) инновациялық стартаптарды бастамалау және іске асыру үшін алаң құру;
- 5) қоғамдық белсенділік және әлеуметтік жобалаудағыларын дамыту;
- 6) балалар мен жастардың жобалық қызметінің табысты тәжірибесін бағалау және тарату;
- 7) балалардың іс-шараларға тарту арқылы қосымша білім беру мен қамтуды арттыруға жәрдемдесу.

4. Конкурс

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша өткізеді.

5 «М. М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК

ұйымдастыру комитеті және қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Конкурсты өткізу уақыты мен орны

6. Конкурс екі кезеңмен өткізіледі: бірінші (сырттай) кезең және екінші (қашықтық) – ұсынылған материалдарды қорғау.

Бірінші кезең (**1 наурыз-1 сәуір 2021 ж.**) – іріктеу аудандық/қалалық

Конкурстың іріктеу аудандық/қалалық кезеңінің жеңімпаздары облыстық конкурсқа қатысады.

Конкурстың облыстық қашықтық кезеңі 2021 жылдың **12 сәуір мен 16 сәуір** аралығында өткізіледі. Instagram, Facebook әлеуметтік желілерінде конкурс жарияланады.

3. Конкурсқа қатысушылары

7. Конкурсқа Павлодар облысының жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады. Қатысушылардың жасы: 2021 жылғы 1 маусымына 13-17 жас аралығында болуы тиіс.

8. Қатысушылар туралы мәліметтерді (Т. А. Ә., туған жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру ұйымының мекен-жайы, үй мекенжайы, телефоны, номинациясы, жұмыстың атауы) көрсетілген өтінімдерді және жұмысты metodotdelDSH@mail.ru электрондық мекен-жайға жіберу қажет:

4. Конкурсты өткізу шарттары мен тәртібі

9. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. «**Өз жылуыңмен бөліс**» номинациясы (қатысушылардың жасы **13-14 жас**) әлеуметтік жобалар конкурсы төмендегі бағытта:

қарт адамдарға, әлеуметтік осал топтағы балаларға және басқаларға көмек көрсету;

кәмелетке толмағандардың әлеуметтік мінез-құлқының алдын алу;
халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды бейімдеу;
балаларды дүлей зілзалалардың зардаптарын жоюға және жазатайым оқиғалардың алдын алуға дайындау.

2. «Туған қалаға – игілікті істер» номинациясы (қатысушылардың жасы 13-14 жас)әлеуметтік жобалар конкурсы төмендегі бағытта:

жаңа волонтерлік жасақтарды құру және дамыту;
әлеуметтік маңызды істерді ұйымдастыру, оның ішінде балалардың бос уақытын ұйымдастыру жөніндегі белсенді қызметке тарту;
салауатты өмір салты идеяларын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту.

3. «Мен – Қазақстанның азаматымын» номинациясы (қатысушылардың жасы 13-14 жас):

әлеуметтік жобалар конкурсы төмендегі бағытта:
барлық этностардың мәдени ерекшеліктері сақталған жағдайда азаматтарды қазақстандық қоғамның жалпыұлттық рухани-мәдени құндылықтары мен дәстүрлеріне тарту;
қазақ тілін дамыту, Тілдердің үштұғырлығы;отбасының адамгершілік негіздерін, оның тәрбиелік рөлін нығайту, балалар мен жастар ортасында Қазақстанда тұратын барлық этностардың мәдени дәстүрлеріне, тіліне және отбасылық құндылықтарына толерантты және құрметпен қарауды нығайту.

4. «Медиа жобалар»номинациясы(Қатысушылардыңжасы15-17 жас):

ақпараттық, білім беру ортасындамыту-балалар мен жастардыңақпараттықкеңістігіндамыту;
әлеуметтікбағдарланғансайттар, интернет-ресурстарқұру, білім беру жәнекәсібибағдардыжобалаужәне т. б.

5. «МеніңкішіОтаным»номинациясы (қатысушылардыңжасы 13-14жас):

руханилықтыжаңғырту, өзелініңазаматы мен патриотыныңадамгершіліктұлғасынқалыптастыру, өзінің "кішіОтанының" өткенінжәнеанағызтарихынзерделеу.
Бұлжобаоқушылардыңтұлғасынтәрбиелеужәнеқалыптастыру, азамат пен патриот тәрбиелеуісіндеүлкенмаңызғаие.

6. «Қазақстанныңжетікереметі»номинациясы (қатысушылардыңжасы 15-17жас) –

қоғамжеріміздіңтабиғи, тарихижәнемәдениигілігітуралыақпараттандырылуынаықпалететінжобаларбайқауы – палеолиттен ХХІ ғасырғадейінгітүрлідеуірлердіңсәулетғимараттары мен ескерткіштері, Каспий теңізіненЖоңғарАлатауыныңасуынадейінгітабиғаткереметтері.

7. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» номинациясы (қатысушылардың жасы 15-17 жас):

Қазақстанның дамуына елеулі үлес қосқан нақты адамдардың мысалында табысқа жету, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм мен білімге табыну идеяларын қоғамда танымал ету және ақпараттық ілгерілету.

Бұл адамдар – өмір жолы мен табысы еліктеуге үлгі болатын замандастарымыз.

8. «Жаңғырту полюсі» номинациясы (қатысушылардың жасы 14-15 жас):

Мәденимұранысақтаужәне жаңғырту;
Шығармашылықәлеуеттіжәнеәртүрліөнертүрлеріндамыту, бос уақыттыңжаңатүрлерінқұру.

9. «Киізүй – ғаламныңмоделі» номинациясы(қатысушылардыңжасы15-16 жас):

Барлық этностардың мәдени өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, азаматтарды қазақстандық қоғамның жалпыұлттық рухани-мәдени құндылықтары мен дәстүрлеріне тарту.

Қатысушылар киіз үй элементтері бар белгілі мәдениет және сәулет нысандарын көрсете алады. Сонымен қатар, киіз үй элементі бар болашақ нысандардың жобаларын әлемнің үлгісі ретінде ұсыну. Әлемнің бейнелі-тұжырымдамалық үлгісі мен киіз үй құрылысының арасындағы тығыз байланыс пен параллельді негіздеу.

10. Жобалар дистанциялық түрде орындалады. Жобаларды орындаудың дистанциялық түрі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, жоба материалдарын жасауды және ресімдеуді көздейді. Бір қатысушы бір жобадан артық емес.

11. Шығармашылық жобаларды бағалау критерийлері:

- 1) жобаның Конкурс шарттарына сәйкестігі;
- 2) шығармашылық жобаның әлеуметтік тиімділігішешілетін әлеуметтік мәселенің өзектілігі және жобаның маңыздылығы;
- 3) жобаның міндеттері бойынша іс-қимыл жоспарының болуы;
- 4) жобаны іске асыру үшін қажетті шарттардың (жеке, материалдық - техникалық, ақпараттық);
- 5) әлеуметтік проблемаларды шешудің жаңашыл тәсілдері;
- 6) жобалау кезінде қазіргі заманғы инновациялық технологияларды, нысандар мен әдістерді пайдалану;
- 7) болжанатын нәтижелердің сипаттамасы (болжанатын нәтижелердің шынайылығы және жобаны одан әрі дамыту перспективаларының болуы: Жергілікті деңгейде нақты аудиторияның жоба бойынша қызмет нәтижелерінің қажеттілігі);
- 8) зерттеудің жаңалығы, жұмыстың практикалық маңыздылығы, автордың жеке үлесі;
- 9) жұмысты ресімдеу.

12. Конкурстың қашықтық форматында жобаны қорғау ZOOM платформасында онлайн режимінде жүзеге асырылады.

1) жобаны қорғау кезінде жұмыс авторына 5 минут беріледі, ол төмендегіні ашуы керек:

- жұмыстың мақсаты;
- тақырыптың өзектілігі;
- қойылған мақсатқа жету әдістері;
- нәтижелердің ғылыми және практикалық құндылығы;
- жұмыстың негізгі қорытындылары.

2) жобаны қорғағаннан кейін қазылар алқасының әрбір мүшесі байқау жұмыстарды бағалау өлшемдеріне сәйкес әрбір параметр бойынша ұпайларды қоя отырып, бағалау парағын толтырады.

13. Конкурстың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар **2021 жылғы 23 сәуірде** <http://dshk.kz/> сайтында орналастырылады.

5. Конкурсқа қатысушыларды марапаттау

14. Кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша конкурсты бағалау критерийлеріне сәйкес конкурстық жұмыстарын бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

15. Конкурс жеңімпаздары әр номинация бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі. Конкурс жеңімпаздарын дайындаған педагогтерге алғыс хаттар тапсырылады немесе жіберіледі.

6. Қатысу тәртібі

6.1 «Менің Отаныма – менің бастамам республикалық шығармашылық жобалар конкурсының облыстық кезеңіне қатысуға өтініш және конкурстың іріктеу аудандық/қалалық кезеңін ұйымдастыру және өткізу бойынша есеп беру (1 қосымша) 2021 жылдың 2 сәуіріне дейін келесі электрондық мекенжайға: metoddelDSH@mail.ru немесе мына мекенжай бойынша жіберіледі: Павлодар қ., М.Жүсіп к-сі, 27, «М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК, әдістемелік кабинет.

7. Жобаны іс асыру үшін жауапты :

Оспанкулова Асима Советовна, М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдіскері
Байланыс телефоны: 651296, 87768145002. сағ. 9.00- 18.00.

1-қосымша

«Менің Отаныма – менің бастамам» аудандық/қалалық конкурсты өткізудің қорытындысы

№ қ/с	Білім беру мекемесінің атауы	Қатысушылардың жалпы саны	Жеңімпаздар мен жүлдегерлердің жалпы саны
1			
1			
2...			
Аудан/қала бойынша барлығы:			

«Менің Отаныма – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар конкурсының облыстық қашықтық турына қатысуына Өтініш

Номинация	Жұмыстың атауы	Орындаушының Т. А. Ә.	Туған жылы	Сыныбы	Білім беру ұйымы, жобажетекшісі	Үй мекенжайы, байланыс телефоны
«Өз жылуыңмен бөліс»						
«Туған қалаға – игілікті істер»						
«Мен-Қазақстанның азаматымын»						
«Медиажобалар»						
«Меніңкіші Отаным»						
«Қазақстанның жетікереметі»						
«Қазақстанның						

100 жаңасімі»						
«Жаңғырту полюсі»						
Киізүй-ғаламның моделі						